

Маңғыстау облысының білім басқармасы Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі «Н. Оңдасынов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Қазақстан тарихы пәні бойынша
5-сыныпқа арналған блум таксономиясы ойлау деңгейі бойынша сыни ойлау тапсырмалары жинағы
(әдістемелік құрал)
Құрастырған: Токмурзинова Динара Темиркановна
Тарих пәнінің педагог-зерттеуші мұғалімі
Алғысөз

«Қазақстан тарихы (ежелгі дәуір, орта ғасыр) анықтамалық көмекші құралы Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық үстіндегі сынып оқушыларына және жиынтық бағалау тапсырмаларын орындайтын оқушыларға арналып отыр.

Қазақстан тарихы пәнінің ежелгі және орта ғасыр Қазақстан тарихының бірінші және екінші кезеңі болып табылады. Хронологиялық шеңбері – ежелгі заман тас, қола, темір дәуірі кезеңдері. Бұл әдістемелік құралда мезгілдік сипатына байланысты Қазақстан тарихының ежелгі заман кезеңін жүйелі түрде кезеңдеу үшін білу, түсіну, қолданумен деңгейлі, талдау, жинақтау, бағалау жоғары деңгейлі тапсырмалар жасалды. Қазақстан тарихы кітаптарындағы өзгерістерді де қамтиды. Соның негізінде тарихи оқиғаларды дәуірлік сипатына қарай топтастырдық.

Бұл әдістемелік - көмекші құралда Қазақстан тарихының ежелгі заман және орта ғасыр кезеңінің ең маңызды оқиғаларының барысы хронологиялық тізбек арқылы әр кезең тақырыптарына қарай бірыңғай елді мекен атаулары және тұлғалар есімдері мезгілдік тұрғыда жүйелі түрде берілген. Әдістемелік құралды пайдалана отырып тест тапсырмаларын шешу ойлау деңгейлері жолдары көрсетілген.

Жүйелеу

I. Қысқа түрде

1 Ежелгі заман (тас, қола, темір)

II. Күрделі түрде

1 Қазақстандағы ежелгі тайпалық одақтар (Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, сармат)

Тұлғалар:

Х. Алпысбаев тас дәуірі кезеңін зерттеген археолог

В. Зайберт 1980ж Ботай мәдениетін зерттеген археолог

Ә. Марғұлан 1946ж бастап Қола дәуірін кешенді зерттей бастаған археолог

Қ. Сәтбаев есебі бойынша көне заманда Жезқазғанда өндірілген 1 миллион тонна кенінен қорытылған мыстың мөлшері: /100 мың тонна/

К. Ақышев 1954ж бастап Іле археологиялық экспедициясына жетекшілік еткен. М. Қадырбаев 1970 ж Тамғалы петроглифтерге зерттеу жүргізген.

Хронологиялық тізбек:

Ежелгі тас дәуірі палеолит б.з.б 2 млн 500 мың жылдан - б.з.б 12 мың жыл аралығын қамтыды

Кейінгі палеолит (б.з.б 12-10 мың ж)

Орта палеолит (Мустьер) (б.з.б 40-10 мың ж) Ерте палеолит (б.з.б 140-6 млн-140 мың ж)

Питекантроп 1891 жылы Индонезиядағы Ява

Синантроп «Қытай адамы» (1927ж) Пекиннің маңындағы Чжоу-коу-дянь үңгірінен табылды

1938ж Өзбекстанның оңт. Тесіктас үңгірінен 8-9 жас баланың қаңқа сүйегі табылды Францияның Кро Маньон үңгірінен 1868ж табылды

Мысты тас ғасыры энеолит б.з.б 3800-1800 жылдар 1980 ж В.Ф. Зайберт

Ботай тұрағы зерттеуді бастады. Қола дәуірі б.з.б 1800-б.з.б 900

Ерте қола дәуірі: б.з.б ХҮІІІ- ХҮІ Орта қола дәуірі: б.з.б

ХҮ- ХІІІғ Кейінгі қола дәуірі: б.з.б ХІІІ - ХІІғ

1917ж М.Грязнов Батыс Қазақстаннан тапқан ескерткіштерден Андронов мәдениетін бөліп зерттеген.

Орталық Қазақстанда қола дәуірінің ең соңғы кезеңі Беғазы және Дәндібай мәдениеті обалары болды (б.з.б 12-8ғ) Бұл Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосынан табылды.(1914ж) 1946ж бастап Ә. Марғұлан қола дәуірін зерттеуді бастады.

Б.з.б І мыңжылдықтың ортасында «дала жолы» жұмыс істей бастап кейін б.з.б ІІғ Ұлы Жібек

Жолы қызмет ете бастады.

Темір дәуірінің қамтитын аралығы: б.з.д ХІІІғ- б.з.д ХІІғ Ерте темір кезеңі:

б.з.д ХІІІғ- ІІғ

Кейінгі темір кезеңі: б.з.д ІІғ- б.з.д ХІІғ

1969-1970ж Алматы қышығысындағы, Есік қаласынан табылды. Археолог К. Ақышев тапты

Аңдық стиль б.з.б 7-6ғ

1998-1999ж археолог ғалым З. Самашев Берел қорымына қазба жұмысы кезінде №11 обаны ашты.

Шілікті қорымы №5 оба б.з.б 8-7 5ғ Берел б.з.б 5-4ғ

қамтиды.

Ұлыбай Тасмола мәдениеті деп аталды. Үш хронологиялық кезеңі:

1) б.з.б 8-7 ғ (Бірлік, Алыпқаш, Покровка, Бектеңіз) (садақ жебе, жалпақ пышақ, қола айналар, қыш ыдыстар), жақсы зерттелген

- 2) б.з.б 6-5 ғ (Сарғара, Бектеңіз)
- 3) б.з.б 4-2 ғ (Бірлік, Бағанаты, Өрнек)

Б.з.б 530ж Кир бастаған парсы әскері басып кірді. Сақ патшайымы Томирис (б.з.б 570-520) күрес жүргізіп, жеңіске жетті.

Б.з.б 519ж 11 жылдан кейін парсылар сақтарға қайта шабуыл жасады. І Дарий шабуылдады

Б.з.б 490ж Марафон шайқасы. Сақтар парсылармен бірігіп гректерге қарсы соғысты Б.з.б 4ғ 30 жылдары Гректер сақ жеріне қауіп төндірді.

Тас дәуірі кезеңі

Тарих сөзін алғаш қолданған **арабтар. Тарих сөзі** зерттеу, оқиғалар жайлы әңгіме деген мағынаны береді. Жазба тарихтың негізін салушы: **Геродот** (б.з.б 484-425ж) грек тарихшысы, еңбегі

«Тарих», Батыс әлемінде **тарихтың атасы** деген атпен белгілі. **Шығыста тарихтың атасы: Сыма Цянь** (б.з.б 145-86) 130 тараудан тұратын «Тарихи жазбалары» (Ши цзи) жылнамаларды жинақтап, жүйеледі.

Адамзат дәуірі **төрт** археологиялық дәуірге бөлінеді. Қазақстан тарихы дүние жүзілік тарихтың бір бөлігі.

- 1) Ежелгі заман
- 2) Орта ғасыр (ҮІ-ХҮІІғ)
- 3) Жаңа заман (ХҮІІІ-ХІХғ)
- 4) Қазіргі заман (ХХғ бастап)

Ежелгі тарих үш кезеңнен тұрды:

- **Тас дәуірі**
- **Қола дәуірі**
- **Темір дәуірі**

Алғашқы адамдардың кәсібі

Терімшілік алғашқы кәсібі. жеуге жарамдыларды теріп жеп қорек етті. <i>Терімшіліктің дамуы: алғашқы қауымдық егіншілікке алып келді.</i> <i>(Мерзімі 10 мың жыл бұрын) жер жырту құралы тесе.</i>	Аңшылық негізінен мамонт (<i>соңғы мамонттар шамамен өмір сүрген кезең 11-12 мың жыл бұрын</i>), бизон (үңгір аюлары, ешкі, марал, жабайы жылқы) секілді ірі аңдарды аулап жеді. Әдісі: қуып жүріп, қаумалап ұстау, тік жартастан құлату. Айқай шумен, отпен қорқыту.
Ең алғаш адам баласының пайда болып, дамуындағы кезең алғашқы қауымдық құрылыс болды. Олар бірлесіп тамақ табу және жабайы аңдардан қорғану үшін топталып жүрді. Ертедегі мұндай ұжымы адамдар тобыры деп аталды. Алғашқы адамдардың тобырдан кейінгі топтасу жүйесі рулық деп аталды. Алғашқы адамдардың рулық қауымнан кейінгі қалыптасу жүйесі тайпа деп аталды.	

Ежелгі адамдардың алғашқы еңбек құралдары **тастан** жасалды. Сондықтан **аса ұзаққа созылған дәуір тас дәуірі** деп аталды. Ол **үш кезеңнен** тұрады.

Палеолит ерте тас дәуірі	Б.з.б 2 млн. 600 мың - б.з.б 12 мың жыл
Мезолит орта тас дәуірі	б.з.б 12 мың жыл - б.з.б 5 мың жыл
Неолит жаңа тас дәуірі	б.з.б 5 мың жыл - б.з.б 3 мың жыл
Қазақстан аумағында алғашқы адамдардың шамамен пайда болған уақыты: 1 млн жыл бұрын. Қазақстан аумағында өмір сүрген алғашқы адамдар: питекантроптар Адамдардың тұңғыш баспаналары: үңгірлер болып табылады. Жердің бетін мұз басқан уақыт: 100 мыңнан 13 мыңға дейін Мұз басқан жерлер: Еуропа мен Азияның солтүстігі аймағын алған. Мамонттар мен жүндес мүйізтұмсықтар тіршілігі қолайсыз болды. Б.з.д 10 мың жыл бұрын мүлдем құрыды. Жайық өз сол жағалауында Б.з.д 10 жыл бұрын өлген мамонттың сүйегі табылды.	

Қола дәуіріндегі Қазақстан

Қола дәуірі б.з.б 1800-б.з.б 900 жыл аралығын қамтиды. <i>Мыс пен қалайының</i> қосындысынан құралған.	
Қола дәуірі үшке бөлінеді: Ерте қола дәуірі: б.з.б ХҮІІІ ХҮғ Орта қола дәуірі: б.з.б ХҮ ХІІІғ Кейінгі қола дәуірі: б.з.б ХІІІ ҮІІғ	
Қазақстан жерінде қола дәуірі	осыдан 4 мың жыл бұрын, яғни б.з.б 2 мыңыншы жылдықта қола жасау ісін меңгерді. Мыс рудасынан металл қорыту қола дәуірінде басталды. Кен өндірушілер қонысы кенішке жақын орналасқан. Кенді қорыту үшін қазандыққа ауа үрлейтін көрік жасалды. Металл кеніштері қазіргі Зыряновск, Жезқазған, Қарқаралы, Ақшатау тауларында болған

Қола дәуірінде Жезқазған өңірінен	1 млн тонна кен өндіріліп, одан 100 мың тонна мыс қорытылғанын айтқан ғалым Қ. Сәтбаев деген ғалым.
Шығыс Қазақстандағы	Нарын мен Қалба кен орындарына 1100 тонна қалайы шығарылғанын айтқан геОлОғ ғалым Қаныш Сәтбаев.
Қостанай облысы мен Ресейдің Челябин облысы шекарасында табылған қалаға ұқсас қоныс Арқайым (егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысты)	

Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан

«Алтын киімді адам»	1969-1970ж Алматы қшығысындағы , Есік қаласынан табылды. Археолог К. Ақышев тапты
Екінші «Алтын адам»	Сармат қорғанына табылды
«Шілікті алтын адамы»	3-Шілікті қорымы, № 1 оба , бұл «Бәйгетөбе» деген атаумен белгілі. Оны ашқан археолог, профессор Әбдеш Төлеубаев . (б.з.б 7-6ғ)

Мысал ретінде:

Блум таксономиясы ойлау деңгейіне сәйкес тапсырмалар Білу ойлау деңгейі тапсырмалары: (Тест - Тарихи білім құрылымы) 5 сынып Қазақстан тарихынан тест сұрақтары (Ежелгі Қазақстан)

I нұсқа

- Алғашқы адамдардың бастапқы кезеңдегі топтасу жүйесі
А) Рулық В) Тобыр
С) Қауымдастық D) Көшпелілер Е) Тайпалық
- Қоғамда алғашқы ірі еңбек бөлінісін туғызған жағдай
А) терімшіліктің дамуы
В) аңшылықтың тууы. С) тобырдың қалыптасуы.
D) темірді пайдалану Е) шаруашылықтың егіншілік пен мал шаруашылығы болып бөлінуі.
- Ғалымдардың ең ежелгі адамды атауы: А) кроманьон. В) синантроп. С) епті адам. D) тік жүретін адам Е) неандерталь.
- Ең ежелгі адамның еңбек құралы
А) Үшкір тас В) Бумеранг С) Болас
D) Найза Е) Садақ
- Жер бетінде бұдан 100-35 мың жыл бұрын өмір сүрді:
А) "Епті адамдар" В) Неандертальдықтар С) Кроманондықтар D) "Саналы адамдар" Е) Синантроптар
- Ежелгі адамдардың ең алғашқы кәсібі А) Терімшілік пен жеміс өсіру
В) Егіншілік С) Аң аулау мен балық аулап күнелту
D) Мал шаруашылығы Е) Терімшілік
- Орта тас ғасыры қамтитын кезең
А) б.з.б.12-5 мың жыл В) б.з.б. 5-3 мың жыл бұрын С) б.з.б. 75-12 мың жыл бұрын D) б.з.д.7-5 мың жыл
Е) б.з.б.1 млн. 750 мың жыл бұрын

Түсіну ойлау деңгейіне сәйкес тапсырмалар

1 Берілген нұсқалардың ішінен дұрысын табыңыз:

I. Епті адам	А) Ява аралы
II. Неандертальдық	Б) Франция
III. Кроманьондық	В) Германия
IV. Синантроп	Г) Африка
V. Питекантроп	Д) Қытай

- I-а, II-б, III-в, IV-г, V-д
- I-д, II-а, III-б, IV-в, V-г
- I-г, II-в, III-б, IV-а, V-д
- I-г, II-в, III-б, IV-д, V-а


Е) I-д, II-а, III-г, IV-в, V-б

2 Кестеде берілген оқиғалар қай кезеңге тән:

- А) Неолит
- В) Палеолит
- С) Мезолит
- Д) Энеолит
- Е) Қола

Ø Жер бетінің жылынуы
Ø Садақ пен жебенің пайда болуы
Ø Ірі жануарлардың қырылуы

3 Тас дәуіріне жатпайтын суретті табыңыз:



- А) Ақинақ
- В) Мамонт
- С) Гоминид
- Д) Болас
- Е) Гарпун

4 Неолит тұрақтары ішінен қатесін табыңыз:

- А) Пеньки
- В) Ботай
- С) Зеленая Балка
- Д) Қарағанды
- Е) Сексеуіл

5 Сәйкестендіріңіз:

1.Тотемизм	А) жан мен рухқа сену
2.Анимизм	Б) материалдық затқа ерекше қасиетті деп табынуы
3.Фетишизм	В) адамдардың табиғаттың дүлей күшіне сиқырлы әсер ету әрекеті
4.Магия	Г) шыққан тектерін жануарлармен байланыстыру

- А) 1-Г, 2-А, 3-Б, 4-В
- Б) 1-А, 2-А, 3-В, 4-Г
- В) 1-Г, 2-В, 3-А, 4-Б
- Д) 1-В, 2-Б, 3-А, 4-Г

Қолдану ойлау деңгейіне сәйкес тапсырмалар
Сақ қорғандары туралы суретті кестені толтыру

№	Сұрақ		Жауап
1	Есік обасынан табылған «Алтын адам» ескерткіші археологтарға қандай ақпараттар бере алады?		

2	Бұл адам кім? Немен айналысты		
3	Сақтар әшекейлеу үшін неге аңдардың бейнесін қолданды?		
4	«Алтын адамның» баскиімінде бейнеленген		
5	Ғалым А. Аманжолов тостағандағы жазуды: <i>«Аға, саған ошақ! Жат адам тізеңді бүк! Ұрпағымызда ас-су мол болғай!»</i> – деп аударды. Бұл қандай ыдыс, қай жерден табылды?		

1 Қола дәуіріндегі Беғазы Дәндібай мәдениетін картадан көрсетіңіз



